

«Тексерілді»
«№23 «Толағай» бөбекжайы»
желел басқару құқығындағы
МКҚК әдіскері
 К.Е.Берниязова

Әкелер мектебі аясында спорттық сайыс
Тақырыбы: «Әке сен, жансың биік, дара тұлға»



Дайындаған: Сақтаганова А.
Төленова Б.

2025 жыл

Жүргізуші: Армысыздар құрметті ұжымдастар және қадірлі әкелер, бүгінгі «Қарлы алаң» атты сайысына қош келдіңіздер! Көңілді жарысмызға бүлдіршіндеріміздің әкелері қатысады. Ендіне, жарысқа қатысушыларды ортаға шақырамыз!

Ендігі кезекте сайыстың кезеңдерімен таныс болыңыздар! Сайыс 3 кезеңнен тұрады

1. «Кім жылдам?»

2. «Аққала»

3. «Хоккей»

Жүргізуші:

-Канекей, жарысты бастамас бұрын денемізді қыздырып алайық. (Әуен ырғағына жаттығу орындалады).

Ал, кане, бір-бірімізді қостаймыз,

Бүгінгі жарысымызды бастаймыз.

«Жеңіске жетеміз!»-деп

Жалынды ұран тастаймыз.

Әр команда өз орындарын тауып тұрады.

1-кезең «Кім жылдам?»

Ойынның шарты: Топ мүшелері берілген киімдерді бөліп киіп, кезекпен-кезек барлығы кедергілерден өтіп, белгіленген орында тұрған Әкеге бөліп алған киімдерін жылдам киіндіру қажет.

Бойыма шақ қана,

Қаладым аққала.

Қуансын қосыла,

Жүгірдім досыма - дей келе Аққала кезеңін бастаймыз.

2-кезең «Аққала»

Ойынның шарты: Әрбір топ мүшесі аққала бөлшектерін кедергілерден өте отырып, мәреге апарып, аққала құрайды.

Спорт сенің серігің-

Жанға дауа, қолға күш.

Сергітетін адамды-

Қимыл менен қозғалыс. Дей келе Хоккей кезеңінеде жеттік.

3-кезең «Хоккей»

Ойынның шарты: Әрбір қатысушы кезекпен-кезек хоккей таяқшасымен шайбаны кедергілерден өткізіп алып келеді.

Қорытынды сөз әділқазыларға беріледі. Командалар сап түзеп қатарға тұрады.

Ұпайлар есептеліп, сайысқа қатысқан командалар марапатталады.

-Мінеки бүгінгі сайысымыздың соңына да келдік. Қош сау болыңыздар!

